



ШАРДАРА АЖ- ҚАЗАЛЫ

№25
(2404)
Дүйсенбі
6 сәуір
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

СУ РЕСУРСТАРЫН ТИМДІ ПАЙДАЛАНУ – БАСТЫ НАЗАРДА

Қазіргі таңда Шардара су қоймасынан Сырдария өзенінің төменгі ағысына секундына 850 текше метр су жіберілуде. Ал, аудан аумағына Сырдария өзені арқылы 365 текше метр су келіп түсуде.

Осыған байланысты ауданға Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің төрағасы Сейілбек Нұрымбетов, «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалы директорының орынбасары Айдос Асанбаев, сондай-ақ, Арал-Сырдария бассейндік инспекциясының басшысы Зейнулла Қазтоғанов жұмыс сапарымен келді.

Жұмыс сапары кезінде арнайы делегация аудан әкімі Алмасбек Есмахановпен бірге Ө.Тыныбаев атындағы Қазалы су торабына барып, Сырдария өзеніне келіп жатқан суды тиімді пайдалану, оны реттеу және ауыл шаруашылығы са-



ласына бағыттау мәселелерін талқылады.

Кездесуде аудан аумағындағы барлық дарияаралық, шабындық каналдар мен көлдер жүйесіне суды дер кезінде жеткізіп, толықтыру қажеттігі атап өтілді.

Сонымен қатар, егіс көлемін қажетті сумен қамтамасыз ету, вегетациялық кезенді сапалы өткізу және су шығынын болдырмау бағытында нақты ұсыныстар айтылды.

Су торабынан кейін ауданға жұмыс сапарымен келген деле-

гация құрамын аудан басшысы Басықара аулындағы «Арал-Рыбторг» ЖШС-нің құны 650млн теңге болатын тауарлы балық өсіру тоғанының жұмысымен таныстырды. Бұл жоба өңірде балық шаруашылығын дамытуға, жергілікті өнім көлемін арттыруға және ауыл шаруашылығы саласының әлеуетін күшейтуге бағытталған. Тоғанда балық өсіру жобасының 308 млн. теңге қаржысы кәсіпкердің өз қаражаты есебінен, қалған 342 млн.теңгені «Байқоңыр Әлеуметтік Кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ арқылы несие алуға құжаттары ұсынылып отыр.

Кәсіпкердің айтуынша алдағы уақытта жобаға сәйкес мұнда 18 тоған салынып, биылғы жылы 500 тоннаға жуық тауарлы балық алу жоспарланып отыр.

Айта кетейік, бұған дейін бұл аумақтағы тоғандарға 400 мың дана шабақ әкелініп салынған болатын.

КЕҢ АУҚЫМДЫ ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ



Аудан аумағында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ауқымды сенбілік ұйымдастырылып, елді мекендердегі зираттар мен бірқатар қоғамдық орындарда тазалық жұмыстары жүргізілді.

Аталған шараларда ең алдымен аудан аумағындағы зират-

тар, олардың айналасы бей-берекет шашылған қоқыстардан тазартылды. Бұдан бөлек, елді мекендердің шет аймақтары, жолдардың айналасы, қоғамдық орындар мен бос жатқан аумақтар да қамтылып, кең көлемде санитарлық тазалық жұмыстары жүргізілді.

Тазалық акциясына аудан бойынша 120 мекемеден 1233 қызметкер

белсене қатысып, 10 арнайы техника жұмылдырылды. Ұйымдастырылған жұмыстардың нәтижесінде 18,1 тонна бей-берекет тасталған қоқыс жиналып, арнайы белгіленген орындарға шығарылды.

Тазалық жұмыстарын аудан әкімі Алмасбек Есмаханов аралап көріп, атқарылған жұмыстардың барысы-

мен танысты. Бірқатар кемшіліктерге назар аударып, жауапты мекемелерге нақты тапсырмалар берді. Алдағы уақытта тазалық жұмыстарын жүйелі түрде жалғастырып, санитарлық жағдайды тұрақты бақылауда ұстау қажеттігін атап өтті.

Жалпы, тазалық шарасы – тек бір күндік жұмыс емес, ол әрбір тұрғынның

күнделікті өмір салтына айналуы тиіс. Қоршаған ортаның тазалығы – баршамызға ортақ міндет әрі келер ұрпақ алдындағы жауапкершілік. Сондықтан аудан тұрғындарын тазалықты сақтауға, туған жерге жанашырлықпен қарауға шақырамыз.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

КӨШЕЛЕРДІ ТЕГІСТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ МЕН АЙНАЛМА ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫН КӨРДІ



Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Әйтеке би кентіндегі көшелерді тегістеу жұмыстары мен Жанқожа батыр көшесінің айналма жолын қайта жаңғырту жобасын көрді.

Қазіргі таңда мердігер мекеме «Сарбұлақ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі кент аумағындағы 16 көшені тегістеп жатыр.

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Нұрилла ана, М.Өтемісұлы, Қ.Жаймұратов көшелеріне арнайы барып, атқарылып жатқан жұмыстардың сапасын көрді. Аталған аумақ тұрғындарымен кездесіп, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Тұрғындар тарапынан жолдардың жай-күйіне қатысты өзекті мәселелер көтеріліп, алдағы уақытта көшелерді асфальттау, жарықтандыру, абаттандыру жұмыстарына қатысты ұсыныстар айтылды.

Аудан әкімі көтерілген мәселелер кезең-кезеңімен шешімін табатынын атап өтті.

Аудан басшысы «Жанқожа батыр көшесінің айналма жолын қайта жаңғырту» жобасының жүзеге асу барысымен де танысты. Қазіргі уақытта нысанда жер төсемін дайындау және тегістеу жұмыстары жүргізілуде. Жобаның жалпы ұзындығы 3,192 шақырымды құрайды.

Аталған жобалар кенттің көлік инфрақұрылымын, жол қозғалысы қауіпсіздігін жақсартуға, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған.

Аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы Әйтеке би кентінің әкімі мен тиісті сала басшыларына белгіленген жұмыстарды сапалы әрі мерзімінде аяқтауды тапсырды.

АУДАННЫҢ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ НАҚТЫЛАНДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен өткен мәжілісте өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелері жан-жақты талданды. Жиында инновацияларды дамыту, инвестиция тарту, ауыл шаруашылығы, құрылыс, жұмыспен қамту және санитарлық тазалық бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстар сараланып, нақты міндеттер айқындалды.

Мәжілісте аудан басшысы қазіргі кезеңде ауданның тұрақты дамуы инновациялық тәсілдерді енгізу және жаңа технологияларды тиімді пайдаланумен тығыз байланысты екенін айтты. Осыған орай, барлық салада заманауи жобаларды жүзеге асыру, ғылыми негізделген әдістерді қолдану және цифрлық мүмкіндіктерді кеңінен пайдалану міндетін қойды.

Өнеркәсіп өндірісінің өсімі қалыптасқанына қарамастан, жекелеген бағыттар бойынша көрсеткіштерді арттыру қажеттігін, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мәселелеріне баса назар аудару, инвестиция тарту бағытында жаңа жобаларды іске асыру, жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін нақты шаралар қабылдап, тұрақты жұмыс орындарын ашу, мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін арттыру бағытында тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді.

Мәжілісте аудан әкімі құрылыс және ауыл шаруашылығы салаларындағы жұмыстарға да тоқталды. Жауаптыларға бүгінгі таңда ауданда жүргізіліп жатқан құрылыс нысандарының сапалы әрі мерзімінде аяқталуын қамтамасыз етіп, ауыл шаруашылығы саласындағы әрбір көрсеткіштің орындалуын тұрақты бақылауда ұстауды ескертті.

Жиында ауданның санитарлық тазалығы мен қоғамдық тәртіп мәселелері де кеңінен талқыланды. Елді мекендердің тазалығын, аудан көлемінде қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау, тұрғындармен кері байланысты арттыру және әлеуметтік желілердегі өзекті мәселелерге жедел әрекет ету қажеттігін атап өтті.

Жиынды қортындылаған аудан әкімі барлық сала басшыларына жүктелген міндеттердің уақытылы әрі сапалы орындалуын қатаң бақылауға алуды тапсырып, әрбір көрсеткіш бойынша нақты нәтиже талап етілетіндігін айтты.

АУДАН ӘКІМІ БІРҚАТАР МАҢЫЗДЫ ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әлішпен бірге «Қарлаң» көпірінің құрылысын, Қожабақы аулындағы спорт кешенін, «Қазалы – Қожабақы – Бозкөл – Кәукей» аудандық маңызы бар автомобиль жолының 32,1 шақырымындағы темірбетон көпірді күрделі жөндеу жұмыстарының сапасын бақылады.

Алдымен облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен «Қарлаң» учаскесіндегі Сырдария өзеніне салынып жатқан көпір құрылысын көрді. Жоба аясында бүгінде көпірдің негізгі құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Қазіргі таңда 84 дана свай қағу жұмыстары толық аяқталып, 8 тіректің 4-і орнатылған.



Құрылыс алаңына 14 арнайы техника мен 25 жұмысшы жұмылдырылған. Нысанның жалпы ұзындығы 2,5 шақырым, көпірдің ұзындығы 248,29 метрді құрайды. Мұнан соң аудан басшысы Қожабақы аулындағы спорт кешенінің құрылыс

алаңына барды. Жоба құны 537,1 млн теңгені құрайтын нысан «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында салынуда. Бүгінде ғимараттың сыртқы құрылыс жұмыстары толық аяқталып, ішкі әрлеу және сырлау жұмыстары жүргізілуде. Инженерлік желілер

толық тартылып, нысанды пайдалануға беру үшін қалған жұмыстар жоспарлы түрде атқарылуда.

Аудан әкімі Қожабақы аулындағы «Қазалы – Қожабақы – Бозкөл – Кәукей» автожолының 32,1 шақырымындағы көпірді күрделі жөндеу жұмыстарымен де та-

нысты. 1975 жылы салынған көпірдің апаттық жағдайда екені анықталып, оны толық жаңадан салу туралы шешім қабылданған болатын. Қазіргі таңда мердігер мекеме «Гүлнұр МК» ЖШС-і тарапынан жаңа көпір құрылысы басталуда. Жобаға сәйкес көпірдің ұзындығы 21,69 метр, жалпы өткел ұзындығы 375,13 метрді құрайды.


Аудан әкімі нысандарды аралағанда мердігер мекемелер қызметкерлері мен жұмысшыларға құрылыс сапасы мен мерзімін қатаң бақылауда ұстауды тапсырып, тұрғындар үшін маңызды жобаларды уақытылы әрі сапалы аяқтаудың маңызы зорлығын ескертті.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

ҚҰРМЕТТІ ЗЕЙНЕТ ДЕМАЛЫСЫНА ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов саналы ғұмырын ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына арнаған азамат, «Бірлік» ауылдық округінің әкімі қызметін атқарып келген Өтеп-Әлі Өміртай Жалғасұлына құрмет көрсетіп, зейнет демалысына шығарып салды.

Өміртай Жалғасұлы, саналы ғұмырын туған елінің дамуына, ауылдың өркендеуіне арнаған, өз ісіне адал, еңбекқор азамат. Бұл кісінің атқарған қызметі, ел үшін сіңірген еңбегі әрдайым жоғары бағаланып, көпшілікке үлгі. Ұзақ жылдар бойы халықтың сенімін ақтап, жауапты қызметтерді абыроймен атқарып, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосты. Бүгінгі зейнеткерлік демалыс – бұл бір белестің аяқталып, жаңа өмір кезеңінің басталуы. Алдағы уақытта да



отбасыңызбен бірге аман-есен, ұзақ ғұмыр кешіп, немере-шөберелеріңіздің қызығын көріп, ортамыздың ақылшысы болып жүре беруіңізге тілектеспіз, - деген аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Өміртай Жалғасұлына облыстың ең жоғары марапаты - Қызылорда облысының «Құрмет грамотасын» табыстап, иығына шапан жапты.

Аудан басшысынан кейін аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш сөз алып, Өміртай Өтеп-Әлінің ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, оның ішінде ауыл шаруашылығы саласының өркендеуіне қосқан еңбегіне тоқталып, ізгі тілегін жеткізді. Өз кезегінде Өміртай Жалғасұлы аудан басшысы мен әріптестеріне зор

алғысын білдіріп, ел игілігі үшін атқарып жатқан жұмыстарына сәттілік тіледі.

Өтеп-Әлі Өміртай Жалғасұлы 1995 жылы Алматы зоотехникалық малдәрігерлік институтын зооинженер мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын 1988 жылы Жалағаш ауданындағы Калинин кеңшарын да мал тұқымын асылдандыру зоотехнигі болып бастаған. 1990-2004 жылдары аудандағы шаруашылықтарда жауапты қызметтер атқарған. 2005-2017 жылдары «Ақжона», «Майдакөл» ауылдық округтерінің әкімі болып қызмет атқарған. 2017-2019 жылдары Қазалы аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы, 2019 жылдан 2026 жылдың наурыз айына дейін «Бірлік» ауылдық округінің әкімі қызметін абыроймен атқарып келді.

САЙЛАУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Қазалы ауданының аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 25 наурыздағы «Қазалы ауданы, «Бірлік» ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы» №АСК-28/709 санды қаулысы негізінде Қазалы ауданы, «Бірлік» ауылдық округі бойынша сайлау учаскесінің орналасқан мекен-жайы мен шекаралары туралы төмендегідей мәліметтер беріледі.

Мем. тіркеу №120000 - 120008 - 7495
2020 жылғы 28 мамыр

2020 жылғы 27 мамыр

№97

Сайлау учаскелерін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының

23-бабына және «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қазалы ауданының әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Қазалы ауданы бойынша сайлау учаскелері құрылсын.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Қазалы ауданы әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазалы ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазалы ауданының әкімі

М. Ергешбаев

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазалы аудандық сайлау комиссиясымен
27.03.2020 жыл

Қазалы ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 27 мамыр
№ 97 шешіміне
1-қосымша

Қазалы ауданы бойынша сайлау учаскелері

№	Сайлау учаскесінің нөмірі және мекен-жайы	Шекаралары
	№74 сайлау учаскесі «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№102 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қазалы ауданы, «Бірлік» ауылдық округі, «Бірлік» ауылы, Тәуелсіздік көшесі, №26-А	«Бірлік» ауылдық округінің «Бірлік» ауылы және «Қарлаң» учаскесі.

ВНИМАНИЮ ИЗБИРАТЕЛЕЙ!

На основании постановления территориальной избирательной комиссии Казалинского района от 25 марта 2026 года №АСК-28/709 «О назначении выбора акима сельского округа Бирлик Казалинского района» предоставляются следующие сведения о местонахождении и границах избирательного участка по сельскому округу Бирлик Казалинского района.

Гос. регистр №120000-120008-7495
28 мая 2020 года

№97

от 27 мая 2020 года

Об образовании избирательных участков

В соответствии со статьей 23 Конституционного Закона Республики Казахстан от 28 сентября 1995 года «О выборах Республики Казахстан» и статьей 27 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О правовых актах» аким Казалинского района РЕШИЛ:

1. Образовать избирательные участки по Казалинскому району согласно приложению 1 к настоящему решению.

2. Признать утратившими силу некоторые решения акима Казалинского района по перечню согласно приложению 2 к настоящему решению.

3. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на курирующего заместителя акима Казалинского района.

4. Настоящее решение вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким Казалинского района

М. Ергешбаев

«СОГЛАСОВАНО»

Казалинской районной избирательной комиссии

27.03.2020 год

Приложение 1 к решению
акимата Казалинского района от 27 мая 2020 года №97

Избирательные участки по Казалинскому району

№	Номер и адрес избирательного участка	Границы
	Избирательный участок №74 Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа № 102» отдела образования по Казалинскому району» управления образования Кызылординской области», Казалинский район, сельский округ Бирлик, село Бирлик, улица Тауелсіздік №26-А.	село Бирлик и участок Карлан сельского округа Бирлик.

САНИТАРИЯЛЫҚ ҚОРҒАУ АЙМАҚТАРЫ МЕН САНИТАРИЯЛЫҚ-ҚОРҒАНЫШ АЙМАҚТАРЫ БОЙЫНША НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАМА ЖОБАЛАРЫНЫҢ, ШИКІЗАТ ПЕН ӨНІМНІҢ ЖАҢА ТҮРЛЕРІНІҢ ХАЛЫҚТЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ САЛАМАТТЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРГЕ СӘЙКЕСТІГІ ТУРАЛЫ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ БЕРУ ТӘРТІБІ

Қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлар бойынша шекті нормаларға, санитариялық қорғау аймақтарына, сондай-ақ, жаңа өнімдер мен шикізаттың санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігіне қортынды беру – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті және оның аумақтық бөлімшелері тарапынан «электрондық үкімет» (egov.kz) порталы арқылы жүзеге асырылатын мемлекеттік қызмет.

Жобаларға санитариялық-эпидемиологиялық қортынды алу үшін жеке және заңды тұлғалар белгіленген нысан бойынша өтініш пен қажетті құжаттарды «электрондық үкімет» порталы арқылы тапсырады. Өтініш қабылданғаны туралы және нәтиже алу күні мен уақыты көрсетілген хабар-

лама қызмет алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.

Өтініш түскен күні тіркеледі, ал жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін немесе демалыс/мереке күндері келіп түскен өтініштер келесі жұмыс күні өңделеді. 2 жұмыс күні ішінде құжаттардың толықтығы тексеріледі. Қажетті мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» арқылы алынады.

Қызмет алушы қажетті немесе мерзімі өткен құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, уәкілетті бөлім өтінішті қабылдаудан бас тартады (16-тармаққа сәйкес мерзімдерде). Бас тарту қызмет беруші басшысының ЭЦҚ-мен расталып, электрондық түрде жіберіледі.

Құжаттардың толық топтамасы ұсынылған жағдайда, жауапты бөлім қызметкерлері объектіге бармай-ақ, 6 жұмыс күні ішінде

құжаттарға санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізеді.

Сараптама нәтижесі оң болса, уәкілетті орган 2 жұмыс күні ішінде белгіленген нысан бойынша санитариялық-эпидемиологиялық қортындыны рәсімдеп береді.

Бас тарту туралы шешім қабылданса, қызмет беруші 1 жұмыс күні ішінде өтініш берушіні хабардар етеді. Хабарлама кемінде 3 жұмыс күні бұрын жіберіледі, ал өтініш беруші 2 жұмыс күні ішінде қарсылық білдіре алады. Талдау нәтижесіне қарай қортынды беріледі немесе дәлелді бас тарту жолданады.

Ақпараттық жүйе істен шыққанда, қызмет көрсетуші 1 жұмыс күні ішінде «электрондық үкімет» инфрақұрылымы операторына хабарлайды. Сондай-ақ, мемлекеттік қызмет көрсету деректерін мониторинг жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Уәкілетті орган заңнамалық өзгерістер туралы ақпаратты өтініш қабылдайтын және қызмет нәтижесін беретін ұйымдарға жібереді.

Қағаз түріндегі санитариялық-эпидемиологиялық қортынды жоғалған немесе бүлінген жағдайда, алушы оның телнұсқасын ала алады. Өтініш бойынша құжатты электрондық форматқа ауыстырып, электрондық нұсқасын алуға болады.

Телнұсқа беру немесе электрондық форматқа ауыстыру «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңның 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Айгерим БЕКТУРГАНОВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының қызметті жоспарлау және талдау бөлімінің жетекші маманы

АВТОКӨЛІКТЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАТАҢ САҚТАЙЫҚ!

Автокөліктерде өрттің пайда болуының себептері: қосымша жабдықтарды (дабыл, тұманға қарсы фаралар, радио, ішкі тюнинг, тағы басқа) көлікке сапасыз орнату салдарынан электр сымдарына шамадан тыс күш түсіп, қатып қалған қозғалтқышты қыздыру үшін дәнекерлеп және басқа да ашық от көздерін пайдалану; электр, газдәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде отты абайсыз пайдалану; автокөлік жабдықтарының дұрыс қондырылмауы немесе істен шығуы нәтижесінде өрт кенеттен үлкен апатқа айналуы мүмкін. Әсіресе, қозғалыс кезінде, отқа оттегі ағыны шектелмеген кезде аса қауіпті. Оттегінің есебінен жану өршіп, алаңы ұлғая береді.

Көлікте пайда болатын өрттің көп жағдайда алдын алуға немесе пайда болу қауіпін азайтуға болады. Ол үшін автокөліктің техникалық жағдайын үнемі тексеріп отыру керек.

Өрт пайда болған жағдайда жүргізушілер келесі шараларды қолдануы қажет:

1. Үрейге бой алдырмау;
2. Автокөлікті тоқтатып, қозғалтқышты сөндіру;
3. Автокөліктен шығып, жолаушыларды түсіру, олардың қауіпсіз қашықтыққа (кем дегенде 10 метр) кеткеніне көз жеткізу. Сондай-ақ, 101 немесе 112 телефон нөмірлеріне қоңырау шалуды ұмытпау;

4. Егер де жану басталып, және көңірсу сатысында болса өрт сөндіргіштің көмегімен өртті өз бетінше сөндіріп көру керек. Оттегінің түспеуін қамтамасыз етуге тырысу қажет. Ол үшін тығыз киімдерді пайдалануға болады.

5. Егер өрт мотор бөлімінде басталса және қандай сатыда екені белгісіз болса, капотты ашудың қажеті жоқ. Өрт сөндіру кезінде таза ауа бермес үшін капоттың қақпағын аспаған дұрыс. Қақпаққа сәл ғана саңылау беріп, өрт сөндіргіштің басын жанып жатқан жерге бағыттау керек.

6. Егер өрт салонда басталса, терезелерді және есікті қажетінсіз ашпау керек. Оттегі жетіспеуіне байланысты өрт сөніп, ыдырау сатысына көшуі

мүмкін.

7. Үлкен көлемді өртті өз бетінше сөндіруге әрекет жасамау;

8. Өртті жою мүмкін болмаған жағдайда, көліктен алысырақ қауіпсіз қашықтыққа (кем дегенде 10 метр) кету керек, себебі жанар май бағи жарылуы мүмкін.

Сонымен қатар, автокөліктегі өрттерді сөндіру үшін оларды қол өрт сөндіргіштерімен қамтамасыз еткен жөн. Жеңіл автокөліктерді ОП-5 немесе ОУ-3 типті өрт сөндіргіштермен қамтамасыз етуге кеңес береміз. Оны сатып алысымен автокөлікке оңай алынатын жерге бекітіп қою қажет. Оларды автокөлікте қатты ыстық пен өте төмен температурада қалдырмауға тырысыңыз және өрт сөндіргіштің манометрі жасыл деңгейде тұруын үнемі қадағалап жүріңіз және қолдану туралы нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Сіздің өміріңіз бәрінен де маңызды екенін естен шығармаңыз!

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

● **Хабарландыру**

«Тұран-Қазалы» ЖШС-і осы жылғы 3 мамырда Қазалы ауданы, «Бірлік» ауылдық округінің әкімінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты өтетін сайлауына орай үгіт-насихат материалдарын аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады.

«Тұран-Қазалы» газеті 2003 жылдың 5 қаңтарынан бастап шығып келеді.

Шығарылымы аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері.

Таралымы - 11507 дана.
Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны - 140 теңге.

Үгіт –насихат материалдары 2026 жылдың 12 сәуір күні сағат 18-00-ден кейін басталып, 2026 жылдың 1 мамыр аралығында жарияланады.

Мекен-жайымыз:
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, 14 үй
Байланыс телефондары: 8(72438) 21-7-49

E.mail: tooturankazaly@bk.ru

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымы газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11507 дана.